

**«Жетісай жоғары медицина колледжі» ШЖҚ МКК
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының
орындалуын жүргізу мақсатында колледж қызметкерлері арасында
құқықтық оқыту отырысының**

ХАТТАМАСЫ

Жетісай қаласы

« 16 » 11 2025 ж

Қатысқандар:

Жетісай жоғары медицина колледжі қызметкерлері

Күн тәртібінде:

**Тақырып: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің
ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары (ҚРМҚІСҚА 2016 жылғы 19
қазандағы №12 бұйрығы) бойынша түсінік беру.**

Жиналысты «Жетісай жоғары медицина колледжі» ШЖҚ МКК директорының
оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Балғабекова күн тәртібіндегі мәселе бойынша
«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары»
(ҚРМҚІСҚА 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына) бойынша түсінік берді.

Бүгінгі күні елімізде қабылданып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-
қимыл төмендегі шаралар негізінде жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, сыбайлас
жемқорлық тәуекелдерін талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті
қалыптастыру, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік
құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама
жүргізу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама
жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтау, сыбайлас
жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтау, қаржылық
бақылау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер, мүдделер қақтығысын
болғызбау және шешу, кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-
қимыл шаралары, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын
кесу, ашу және тергеп-тексеру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы
хабарлау, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын жою және
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы
қалыптастыруды және жариялауды қамтиды.

Аталған шаралардың ішінде сыбайлас жемқорлыққа ішкі талдау институтына
тоқталып өтсем.

Ішкі талдау жүргізу арқылы мемлекеттік органдар мен ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері өз қызметіндегі нормативтік құқықтық актілердегі, сонымен қатар, ұйымдық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға мүмкіндіктері бар.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою немесе азайту арқылы ішкі талдау жүргізген субъект өзінің қызметіндегі әкімшілік кедергілер мен орын алуы мүмкін сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтардың алдын ала алады.

Аталған ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізіудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен жүзеген асырылады.

Ішкі талдаудың басты мақсаты сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және берілген өкілеттіктердің тәуекелдерін барынша азайту болып табылады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау:

- 1) объективтілік;
- 2) сенімділік;
- 3) айқындық;
- 4) жан-жақтылық қағидаттарында жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісі басшысының, ол болмаған кезде – оның міндетін атқарушы не оның лауазымын алмастыратын адамның шешімі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз болып табылады.

Бұл ретте, осы Үлгілік қағидаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің басшылары деп мемлекеттік органның және оның ведомствосының, ұйымның басшылары, сондай-ақ олардың қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асыратын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары түсініледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі құрылымдық бөлімшенің, ведомствоның, ведомствоға бағынысты ұйымның, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің аумақтық және оған теңестірілген бөлімшесінің (бұдан әрі – талдау объектісі) қызметі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды талдау объектісі іске асыратын функциялардың санына және оның штат санына қарай құрылымдық бөлімше, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге уәкілеттік берілген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысы айқындайтын тұлға немесе оның шешімімен құрылатын жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) жүргізеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау субъектісі басшысының шешімі бойынша жұмыс тобының құрамына, сондай-ақ талдау нәтижелерін талқылауға және анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мониторингіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісінің жанынан болған жағдайда, Қоғамдық кеңестің мүшелері, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінің мамандары және (немесе) сарапшылары тартылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешім мынадай:

1) қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын бөлімшенің атауы;

2) осы Үлгілік қағидалардың 11-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жолдау;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін құрылымдық бөлімше, лауазымды тұлға (лауазымды адамдар) немесе жұмыс тобының дербес құрамы туралы;

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтитын кезең;

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі;

6) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің лауазымды адамы туралы ақпаратты қамтиды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 30 жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісі басшысының бұйрығы негізінде, 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган талдау объектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізген жағдайда, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ол аяқталған күннен бастап бір жыл өткен соң жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген мерзімдер осы Үлгілік қағидалардың 13-тармағында белгіленген жекелеген мәселелер бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауларына қолданылмайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар айқындалады.

Мынадай мәселелер талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп түсініледі:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру жөңе бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) осы Үлгілік қағидалардың 11-тармағында көзделген бағыттарға сәйкес талдау объектісі туралы ақпаратты жинау және талдау;
- 2) осы Үлгілік қағидалардың 18, 19, 20 және 21-тармақтарына сәйкес талдамалық анықтама дайындау;
- 3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды олардың тізбесін қалыптастыра отырып айқындау;
- 4) осы Үлгілік қағидалардың 25-тармағына сәйкес бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою шараларын қабылдау.

Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған кезде, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі олардың бар екендігі туралы мәліметтерді тиісті уәкілетті органға (әкірлеушіге) жібереді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдар құқықтық мониторинг жүргізу кезінде қолданылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін әдеп жөніндегі уәкілдер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер және өзге де құрылымдық бөлімшелер немесе мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу және оларға жол бермеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын тұлғалары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды атқаратын адамдармен жүйелі профилактикалық жұмысты ұйымдастыру кезінде пайдаланады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алқалы, консультативтік-кеңесші органдарының отырыстарында жария талқылауға жол беріледі.

Іс-шаралар жоспарын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің басшысы талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей бекітеді.

Талдамалық анықтама және іс-шаралар жоспары ол бекітілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде құпиялылық режимін қамтамасыз етуді, қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын ескере отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің интернет-ресурсында орналастырылады.

Талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап бір жыл ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты дайындау жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мониторингі осы Үлгілік қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат 6 айда кемінде бір рет құпиялылық режимін қамтамасыз етуді, қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын ескере отырып, мемлекеттік органның, ұйымның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің интернет-ресурсында орналастырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша шығарылған ұсынымдарды орындау кезінде жобалық басқару тәсілдері қолданылуы мүмкін.

Жиналысты қорытындылай отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу және оларға жол бермеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын тұлғалары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды атқаратын адамдармен жүйелі профилактикалық жұмыстарын ұйымдастыру керек деп сөзін аяқтады.

Баяндамашыға сұрақтар беріліп, барлығына толық жауап қайтарылды.

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



А.Балғабекова

М.Балтабаев



«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» (ҚР МҚІСҚА 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы);

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №285 бұйрығы)



Ішкі талдау (ІТ) дегеніміз не?

Ішкі талдау — бұл колледж қызметінің әртүрлі бағыттарын (оқу, кадр, тәрбие, қаржы-шаруашылық, т.б.) алдың ала белгіленген стандарттарға, талаптарға және нормативтік құжаттарға сәйкестігін бағалауға арналған тәуелсіз және құжатталған процесс.



Талдаудың негізгі мақсаты:

Ішкі талдаудың негізгі мақсаты - мекеменің қызметінде (процестерінде, іс-шараларында, шешім қабылдау кезеңдерінде) сыбайлас жемқорлық қылмыстарына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу. Ішкі талдаудың маңыздылығын, кезеңдерін және оның нәтижелерін колледж жұмысын жетілдіру үшін қалай қолдану керектігін түсіндіру.



Ішкі талдау жүргізудің негізгі қағидалары:

Жүйелілік - талдау мекеменің барлық негізгі қызмет бағыттарын, оның ішінде кадр, қаржы, оқу, мемлекеттік қызметтер көрсету және басқару процестерін толық қамтуы керек.

Объективтілік - талдау жүргізу тұлғалар субъективті пікірлерге емес, нақты деректерге, құжаттарға және заң нормаларына сүйенуі тиіс.

Құпиялылық – талдау барысында алынған жеке мәліметтер, коммерциялық немесе қызметтік құпиялар сақталуы керек. Тек тәуекелдер мен оларды жою шаралары ғана жария етіледі.

Ашықтық (нәтижесі) – талдау нәтижелері мекеме қызметкерлерінің назарына жеткізілуі және қажет болған жағдайда, кемшіліктерді жою бойынша шаралар қабылдануы тиіс.

Міндеттілік - заңнамада белгіленген мекемелер үшін ІТ-ны жүргізу міндетті болып табылады (әдетте, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор).



Талдаудың негізгі кезеңдері

1. Дайындық талдау тобын құру, талдауға жататын қызмет бағыттарын процестерін (мысалы, мемлекеттік сатып алу, кадр тағайындау) анықтау.
2. Тәуекелдерді анықтау процедуралық, ұйымдастырушылық және нормативтік құқықтық актілердігі олқылықтарды іздеу.
3. Тәуекелдерді бағалау анықталған тәуекелдердің ықтималдығын (қайталану мүмкіндігін) және оның мекемеге келтіретін салдарының ауырлығын бағалау.
4. Ұсыныстар әзірлеу тәуекелдерді жоюға бағытталған нақты ұсыныстар (мысалы, ішкі актіге өзгеріс енгізу, процесті автоматтандыру).
5. Нәтижелерді рәсімдеу талдау нәтижелері бойынша қорытынды анықтама жасау және оны мекеме басшысына бекітуге ұсыну.



Ішкі талдау нәтижелерін рәсімдеу:

1. Барлық табылған сәйкессіздіктер, оң тәжірибелер, ұсыныстар және талдау нәтижелері толық сипатталады.
2. Табылған сәйкессіздіктерді жою мерзімі мен орындаушыларды көрсете отырып, нақты іс-шаралар жоспарланады.



Сыбайлас жемқорлықтың анықтамасы: Сыбайлас жемқорлық қандай әрекеттер (пара алу, беру, қызмет бабын теріс пайдалану) екенін нақты түсіну қажет.

Заңнамалық жауапкершілік: Жемқорлық қылмысы үшін қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершіліктің болуы.

Ішкі талдаудың рөлі: Бұл талдау қызметкерлерді жазалау үшін емес, жұмыс процестерін жақсарту және барлығын қорғау үшін жүргізіледі.

Ақпарат беру міндеті: Әр қызметкердің өзінің жұмыс учаскесінде “әлсіз тұстар” (кемшіліктер) туралы ақпаратты ашық айтуға құқығы мен міндеті бар екенін білу.



“Әрбір талдау бізді сапалы медициналық кадрларды даярлау мақсатына бір қадам жақындатады. Бұл тек тексеру емес, бұл – даму стратегиясы.”

Назарларыңызға рахмет!!!